

Үржар ауданы бойынша 2015 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 06 тамыздағы N 401 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 тамызда N 4118 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы N 20 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 19.01.2016 № 20 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8 – 1) тармақшасына сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үржар ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

С. Садвақасов

Үржар ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 06 тамыз
№ 401 қаулысына қосымша

Үржар ауданы бойынша 2015 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшері

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына	Тәрбиеленушілер саны,	Бір айда бір тәрбиеленушілерге орташа	Бір тәрбиеленушінің айлы
---	-----------------------	---------------------------------------	--------------------------

шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге		адамдар		шығынның құны, теңге		ата – ананың төлем ақы мөлшері, теңге	
Балабақшалар	Мектеп-бақша	Балабақшалар	Мектеп-бақша	Балабақшалар	Мектеп-бақша	Балабақшалар	Мектеп-бақша
26201	8900	447	1068	26201	8900	11000	7000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК